

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 29 мамыр
сағ. 15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), «ЭҚРҚО» АҚ басқарушы директоры А.В. Доронин (ZOOM арқылы), «Ядролық физика институты» РМК бас директоры С.Қ. Сахиев (ZOOM арқылы), «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС бас директоры Т.М. Жанткин (ZOOM арқылы), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

**1. Қоғамдық кеңес отырыстарының хаттамалық
тапсырмаларының орындалу барысы туралы**

(Г. Серғазин, А. Мусин, А. Сарпеков, Ж. Қасенов)

1.1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Г.Е. Серғазиннің, Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің, Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары А.Т. Сарпековтің, Жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры Ж.С. Қасеновтің Қоғамдық кеңестің 2024 жылғы 30 қаңтардағы хаттамалық тапсырмасының 1.2-тармағы, 1.3-тармағы, 2.3-тармағы; 2024 жылғы 12 наурыздағы хаттамалық тапсырмасының 1.2-тармағы, 2.2-тармағы, 3.2-тармағының орындалу барысы туралы ақпараттары назарға алынсын.

1.2. ҚР Энергетика министрлігінің барлық бейінді департаменттерін қоса алғанда: стратегиялық даму, жер қойнауын пайдалану, газ өнеркәсібі, мұнай-газ-химия және техникалық реттеу, мұнай игеру және өндіру, көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану салаларындағы мемлекеттік бақылау, электр энергетикасы, атом энергетикасы және өнеркәсіп, жаңартылатын энергия көздері департаменттері:

- Қоғамдық кеңес мүшелерінің «Энергетикалық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңын әзірлеуге қатысты сөйлеген сөздерін назарға алсын және жұмыста энергетикалық қауіпсіздік мәселесі ҚР Энергетика министрлігінің құзыретіне кіретін барлық энергетикалық салаларды дамытуға қатысты екенін ескерсін (*бұл мәселе кешенді және қысқартылған түрде, тек электр энергиясының тапшығы контекстінде қаралмауы тиіс*);

- ҚР Энергетикалық қауіпсіздігінің ұзақ мерзімді тұжырымдамасы негізінде «Энергетикалық қауіпсіздік туралы» ҚР Заңын әзірлеу ұсынылсын (құжатты әзірлеуге Министрліктің жоғарыда аталған барлық бөйінді департаменттері халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде ұлттық компанияларды қоса алғанда, басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен және ведомстволармен бірлесіп қатысуы тиіс).

1.3. Жаңартылатын энергия көздері департаменті:

- Қоғамдық кеңестің 2024 жылғы 12 наурыздағы хаттамасындағы Белокатунь ГЭС құрылысын (орындылығы айқындалған жағдайда) және бірінші Қазақстандық ГАЭС құрылысының жағдайы бойынша Ресей Федерациясының мүдделі мемлекеттік органдарымен келісу бөлігінде орындау мәселесін пысықтау ұсынылсын;

- Жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту тұжырымдамасын әзірлеуде отандық өндірушілерді қолдау мәселесі бойынша Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен жұмыс тобын құру қажеттілігі туралы пікірін назарға алсын (ЖЭК даму тұжырымдамасы сутегі энергетикасын қоса алғанда көміртекті бейтараптық және декорбанизация негізінде Қазақстан энергетикасының даму ерекшеліктеріне негізделуі тиіс).

1.4. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетіне:

- нарық субъектілерімен егжей-тегжейлі пысықтауды ескере отырып, тарату желілерін жаңғырту мәселесіне қатысты одан әрі жұмыс жүргізу ұсынылсын.

2. «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» ҚР Заңын әзірлеу және бекіту мәртебесі, заңға тәуелді актілерді әзірлеу, қолданыстағы Заңдар мен НҚА-ларға өзгерістер енгізу туралы

(Г. Серғазин)

2.1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Г.Е. Серғазиннің «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» ҚР Заңын әзірлеу және бекіту мәртебесі, заңға тәуелді актілерді әзірлеу, қолданыстағы Заңдар мен НҚА-ларға өзгерістер енгізу туралы ақпараты назарға алынсын.

**3. ҚР гидроэнергетика саласын дамыту жоспары. ЖЭК дамыту,
«ҚР гидроэнергетикалық әлеуетін дамыту атласы» жобасының
таныстырылымы**


(А. Мусин, Ж. Қасенов)

3.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің ҚР гидроэнергетика саласын дамыту жоспары туралы, Жаңартылатын энергия көздері департаментінің директоры Ж.С. Қасеновтің ЖЭК дамыту туралы ақпараттары назарға алынсын.

3.2. Жаңартылатын энергия көздері департаменті:

- «ЭҚРҚО» АҚ-мен бірлесіп, «ҚР гидроэнергетикалық әлеуетін дамыту атласы» жобасын әзірлеу мәселесін пысықтасын және осы жобаның таныстырылымын Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында өткізсін (дайындығына қарай).

**Қоғамдық
кеңестің төрағасы**



Б. Әуетаев

**Қоғамдық
кеңестің хатшысы**



Ф. Төлеген